



ЖАҢАӨЗЕН



xat.janaozen-gazeti@mail.ru

№16 /2295/

17 СӘУІР 2026 ЖЫЛ

1990 ЖЫЛДЫҢ 1 ҚАҢТАРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

ГАЗЕТ АПТАНЫҢ ЖҰМА КҮНІ ШЫҒАДЫ

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ



БЕЙНЕУДЕН ЖЕТКЕН СӘРУАР САЗ

Гүлсім МҰРЫНОВА

Қонақтарды алдымен Жаңаөзен қаласының стелласы маңынан салтанатты түрде қарсы алу рәсімі өтті. Қала әкімі Жансейіт Қайнарбаев өз сөзінде: «Үш күн бойы нәсерлетіп жауған

жаңбырдан кейін бүгін күн ашылып, шуақ шашты. Бұл – сіздердің келулеріңіздің жақсылығының белгісі» деп, жылы лебізін білдірді.

Мәдени бағдарламаның алғашқы іс-шарасы «Мұнайшы» мәдениет үйінде жалғасын тауып, ақын С.Қадырдың

шығармашылық кешімен ашылды, халықтық «Алтыбақан» ұлттық этнографиялық-фольклорлық ән-би ансамблінің мерекелік қойылымы көрерменге ерекше әсер қалдырды. Кеш барысында ұлттық әндер шырқалып, күмбірлеген күйлер төгілді, дәстүрлі билер мен сахналық

ЖАҢАӨЗЕН ҚАЛАСЫНДА ӨТКЕН БЕЙНЕУ АУДАНЫНЫҢ МӘДЕНИ КҮНДЕРІ АЯСЫНДАҒЫ АУҚЫМДЫ ІС-ШАРАЛАР ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙДЕ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛЫП, ҚАЛА ТҮРҒЫНДАРЫ МЕН ҚОНАҚТАРЫНА ЕРЕКШЕ РУХАНИ ӘСЕР СЫЙЛАДЫ.



көріністер ұсынылды. Өнерпаздар өз өнерлерін жоғары деңгейде көрсетіп, көрерменге көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Іс-шара аясында ұлттық салт-дәстүр көріністері көрсетіліп, кол-өнер шеберлерінің көрмесі ұйымдастырылды. Бұл көрме келушілердің қызығушылығын арттырып, халқымыздың бай мәдени мұрасын кеңінен танытуға мүмкіндік берді.

Кеш соңында Жаңаөзен қаласының әкімі Ж.Қайнарбаев пен Бейнеу ауданының әкімі Р.Шалбаев құттықтау сөз сөйлеп, ізгі тілектерін жеткізді. Сонымен қатар Бейнеу

ауданы атынан Сәрсен Қадырдың сөзіне жазылған «Өлеңім сенсің – Жаңаөзен» атты жыр шумақтарының қалаға тарту етілуі кештің ерекше әсерлі сәттерінің бірі болды.

Бұл мәдени күндер өмірлер арасындағы рухани байланысты нығайтып, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге бағытталған маңызды бастама екенін тағы бір мәрте дәлелдеді. Осындай тағылымды шаралар алдағы уақытта да жалғасын тауып, ел бірлігі мен мәдениет дамуына өз үлесін қоса беретіні сөзсіз.

Соңы 3-бетте. ➔

КЕЗДЕСУ

БІЛІМ ГРАНТЫН ҰСЫНДЫ

ЖАҢАӨЗЕН ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМІ Ж.ҚАЙНАРБАЕВ ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКОВ АТЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ — РЕКТОР МІНДЕТІН АТҚАРУШЫ ӘЛІБЕК НҰРТАЕВ, БАСҚАРМА МҮШЕСІ — АКАДЕМИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР ЖӨНІНДЕГІ ПРОРЕКТОР ЖАНБОЛ ЖИЛБАЕВ, ҚАБЫЛДАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ХАТШЫСЫ ЛАЗЗАТ БАЙЫРБЕКОВА ЖӘНЕ ҮЗДІКСІЗ БІЛІМ БЕРУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ БАСШЫСЫ РАУАН БЕГАЛИЕВАНЫ ҚАБЫЛДАДЫ.

Өңіраралық ынтымақтастықты нығайту, талапкерлерге сапалы жоғары білім алудың мүмкіндіктерін кеңінен таныстыру және өңір жастарына бағытталған кәсіби бағдар беру жұмыстарын жүйелі түрде жүргізу бағыттары бойынша пікір алмасты. Сонымен қатар, университет оқытушылары Маңғыстау жастарына арнайы бөлінген білім беру гранттары туралы ақпарат жеткізіп, олардың болашақ мамандықты саналы тандауына қолдау көрсету де басты міндеттердің бірі болып табылады.

– Біз үшін бұл сапар – тек ақпарат беру емес, сонымен қатар өңірдегі білім беру ұйымдарымен тығыз байланыс орнатып, ұзақ мерзімді әріптестік негізін қалыптастыруға бағытталған маңызды қадам,



– дейді университет басшылығы. Іссапар барысында биылғы мектеп бітіруші түлектермен мамандық тандау бағыттары бойынша кездесу жоспарланған.

Шам ШЫРАҚ,

Таза Қазақстан СЕНБІЛІК ӨТТІ

Қоршаған ортаны қорғау, азаматтардың тазалыққа деген мәдениетін арттыру мақсатында Жаңаөзенде «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында кезекті сенбілік өтті.

Сенбілікке қатысқан азаматтар белсенділік танытып, айналаны қоқыстан тазарту, ретке келтіру жұмыстарын жүргізді. Акцияға мемлекеттік мекемелер, коммуналдық, өндірістік кәсіпорындар тартылды, 15 техника жұмылдырылды. Коммуналдық мекеме қызметкерлері ағаш, гүл екті, абаттандыру жұмыстарын жалғастырды.

Жаңаөзен қаласының әкімдігі, барша жеке пәтер иелерін, кооперативтерді, кәсіпкерлерді, еріктілерді «Әр сенбі - сенбілік» бастамасын қолдауға шақырады!

Сенбілік дегеніміз жай ғана біржолғы акция емес, сондықтан әрбір



азамат қоршаған ортаға қамқорлық танытып, өз ауласына, қоғамдық кеңістікке жауапкершілікпен қарау қажет.

Ортақ іске дүйім халық болып жұмылып, Жаңаөзенді таза, жайлы әрі өмір сүруге қолайлы орта ретінде қалыптастыруға үлесімізді қосайық!

Еркеназ ШАМИНА.

МАРАПАТ

«DARYN JOLY»-НЫҢ ЖҮЛДЕГЕРЛЕРІ

ЖАҢАӨЗЕН ҚАЛАСЫНДА МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ НҰРДАУЛЕТ ҚИЛЫБАЙ, «ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰК АҚ-НЫҢ БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ АСХАТ ХАСЕНОВ, ЖАҢАӨЗЕН ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМІ ЖАНСЕЙІТ ҚАЙНАРБАЕВТЫҢ ҚАТЫСУЫМЕН БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ТҮРЛІ ДЕҢГЕЙДЕГІ ПӘНДІК ОЛИМПИАДАЛАРҒА ҚАТЫСУҒА ДАЙЫНДАУҒА БАҒЫТТАЛҒАН «DARYN JOLY» ЖОБАСЫНЫҢ МАРАПАТТАУ РӘСІМІ ӨТТІ.

«Daryn Joly» - мектеп оқушыларының зияткерлік әлеуетін дамыту және педагогтердің кәсіби деңгейін арттыру арқылы Жаңаөзен қаласында тұрақты білім беру ортасын құруға бағытталған бірегей жоба. Ол «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ демеушілік қолдауымен Жаңаөзен

қаласы бойынша білім бөлімі және «БІЛІМ – ИННОВАЦИЯ» ХҚК іске асыруымен іске асырылды.

Шарада қаланың құрметті азаматы, білім беру саласының ардагері Андрей Нұртаев құттықтау сөз сөйлеп, облыс, қала басшылары мен демеушілік көрсеткен компания

басшылықтары шәкірттерін биік белестерге жетелеп, олимпиада қорытындысы бойынша абсолютті жеңімпаз оқушыларды дайындаған ұстаздарды, білім додасында оза шапқан қатысушыларды марапаттады. Жүлдегерлерге қаржылай сыйлықтар, ал жеңімпаздарға арнайы

Астана қаласындағы Spectrum мектебінде өтетін жазғы мектепке жолдама табысталды

Дарина АҚБЕРЕН:



Жауапкершілік жүгін арқалаған



арасындағы ашықтық пен сенімді нығайтудың маңызды тетігі болып табылады.

ХАЛЫҚ ҚАЛАУЛЫСЫ БОЛУ — МӘРТЕБЕ ЕМЕС, ҮЛКЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК. БҮЛ ҚАҒИДА ӘРБІР ДЕПУТАТТЫҢ ҚЫЗМЕТІНІҢ ӨЗЕГІНЕ АЙНАЛУЫ ТИІС.

«AMANAT» партиясының депутаттық фракциясы туралы үлгілік ережесіне сәйкес, барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының халық алдындағы есеп беру кезеңі 16 сәуір мен 30 мамыр аралығында өтеді. Аталған кезеңде депутаттар өз сайлаушылары алдында атқарған жұмыстары жөнінде есеп беріп, тұрғындардың ұсыныс-пікірлерін тыңдайды.

Кездесулер белгіленген форматқа сәйкес ұйымдастырылуда. Атап айтқанда, халық қалаулылары өздерінің сайлау округтерінде,

бастауыш партия ұйымдарында және округтеріндегі мекемелерде тұрғындармен жүздесіп, ашық диалог алаңын қалыптастыруда.

Қалалық мәслихат құрамындағы 15 депутаттың 10-ы – «AMANAT» партиясының өкілдері. Қазіргі таңда фракция құрамында 9 депутат жұмыс жасауда. Бекітілген кестеге сәйкес, депутаттардың есеп беру кездесулері басталып кетті.

Кездесулер барысында тұрғындар тарапынан көтерілген өзекті мәселелер мен талап-тілектер назарға алынып, партия алаңында



жинақталады. Әрбір мәселе заң аясында қарастырылып, олардың оң шешімін табуы бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілмек.

Халықпен етене байланыс орнату, ел сенімін ақтау – әр депутаттың басты міндеті. Сондықтан мұндай есептік кездесулер халық пен билік

Айсұлу ИСАЕВА,
«AMANAT» партиясы Жаңаөзен қалалық филиалы атқарушы хатшысының орынбасары.

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

ЗАЙЫРЛЫ ҚОҒАМ ҚАҒИДАТТАРЫ

ЖАҢАӨЗЕН ҚАЛАСЫНДА РАТТ МҮШЕСІНІҢ ҚАТЫСУЫМЕН КЕЗДЕСУЛЕР ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ.



Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Дін істері комитетінің жоспарына сәйкес Жаңаөзен қаласында бүгін 4 мақсатты топпен ақпараттық-түсіндіру іс-шаралары ұйымдастырылды. Шаралар «Зайырлылықты декларациялайтын принциптер мен ережелер», «Интернет-кеңістікте діни мазмұндағы ақпараттық материалдарды таратудың қауіптілігі», «Ұлтжанды болу – біздің парызымыз», «Шетелде діни білім алудың қауіптілігі неде?», «Деструктивті діни ағымдардың белгілері» тақырыптарын қамтыды.

Аталған кездесулерге республикалық ақпараттық-түсіндіру тобының (РАТТ) мүшесі, сарапшы, дінтанушы Талдыбаев Төлеген Өмірзақұлы спикер ретінде тартылып, кәметке толмағандар, жастармен, әлеуметтік осал топ өкілдері және

«Өзенмұнайгаз» АҚ еңбек ұжымымен кездесулер өткізді.

Кездесулер барысында зайырлы қоғам қағида-дәстүрлерінің маңызы, діни сауаттылықты арттыру, интернет-кеңістігіндегі діни ақпараттың қауіптері, сондай-ақ ұлттық құндылықтарды дәріптеу мәселелері кеңінен талқыланды. Қатысушылар тарапынан қойылған сұрақтарға нақты әрі жан-жақты жауаптар берілді.

Іс-шаралардың басты мақсаты – қоғамда діни тұрақтылықты нығайту, жастар арасында радикалды идеологиялардың алдын алу және ұлттық бірегейлікті сақтау, қалалық ақпараттық түсіндіру тобының жұмыстарын күшейту.


Еркеназ ШАМИНА.

РЕЙД ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ

ЖАҢАӨЗЕН ҚАЛАСЫНЫҢ АУМАҒЫНДА ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІПТІ САҚТАУ, ҚАУІПСІЗДІКТІ НЫҒАЙТУ, ОТБАСЫЛЫҚ-ТҰРМЫСТЫҚ ЖАНЖАЛДАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ЗАҢНАМАЛАРДЫҢ ТАЛАПТАРЫН ТҮСІНДІРУ МАҚСАТЫНДА ІШІМДІК САТАТЫН ДҮКЕНДЕРГЕ КЕЗЕКТІ ТҮНГІ РЕЙДТІК ІС-ШАРАСЫ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ.

Аталған шараға Полиция басқармасының қызметкерлері, қалалық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі, жастар ресурстық орталығы өкілдері, сондай-ақ қалалық әкелер одағының мүшесі Мейірбек Ибадуллаұлы қатысты.

Іс-шара барысында жоғарыда аталған тұлғалар қоғамдағы тәртіп пен тыныштықты сақтау әрбір азаматтың ортақ



міндеті екенін атап өтті. Ол отбасындағы береке мен тыныштықтың қоғам тұрақтылығының негізі екенін айтып, кәсіпкерлерді заң талаптарын қатаң сақтауға шақырды. Сондай-ақ түнгі уақытта алкоголь өнімдерін сатуға шектеу қою – құқық бұзушылықтар мен отбасылық жанжалдардың алдын алуға бағытталған маңызды шара екенін жеткізді.

Шам ШЫРАҚ.

ТӘРБИЕ

Ардагерлермен КЕЗДЕСУ

ЖАҢАӨЗЕН МЕКТЕПТЕРІНДЕ ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ БАҒЫТЫНДАҒЫ «ЕРЛІК САҒАТТАРЫ» ЖҮРГІЗІЛУДЕ.



Жаңаөзен қаласы №24 мектеп-лицейі қабырғасында ерекше тағылымды кездесу өтті. Аталған шараға Ауған соғысы, Таулы Қарабах және Тәжік-Ауған шекарасындағы әскери қимылдарға қатысқан ардагерлер арнайы шақырылып, оқушылармен жүздесті.

Кездесу таныстырудан басталып, ардагерлер өз өмір жолдары мен әскери қызметтегі тәжірибелерімен бөлісті. Олар жас ұрпаққа бейбіт өмірдің қадірін түсіндіріп, Отан алдындағы борыш пен жауапкершіліктің маңыздылығын атап өтті.

Іс-шара барысында патриоттық тәрбие, отансүйгіштік рух, жастардың

жарқын болашағы, білім алудың маңызы және спорттың ролі кеңінен қозғалды. Ардагерлер жастарды елін сүйетін, білімді, дені сау, мақсатшыл азамат болуға шақырды.

Оқушылар өз кезегінде көкейлеріндегі сұрақтарын қойып, ерлік пен батылдықтың мәні туралы ой бөлісті. Мұндай кездесулер жас буынның санасына үлкен әсер қалдырып, олардың елге деген сүйіспеншілігін арттыратыны сөзсіз.

Осындай тағылымы мол шаралар өскелең ұрпақтың бойында ұлттық рухты қалыптастырып, болашаққа деген сенімін нығайтады.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

КЕЗДЕСУ

Отбасы құндылығы

ЖАҢАӨЗЕН ҚАЛАСЫНДАҒЫ ӨНДІРІСТІК КОМПАНИЯДА АТАЛҒАН ТАҚЫРЫПТА АҚПАРАТТЫҚ-ТҮСІНДІРУ КЕЗДЕСУІ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ. ІС-ШАРА ҚАЛАЛЫҚ АТТ ЖӘНЕ ӘКЕЛЕР ОДАҒЫНЫҢ МҮШЕСІ ЕРЛАН КАЛИЕВТИҢ ЖҮРГІЗУІМЕН «ӨЗЕНМҰНАЙСЕРВИС» ЖШС ЖҰМЫСПЫЛАРЫ АРАСЫНДА ӨТТІ.

Кездесудің басты мақсаты – отбасы құндылықтарын нығайту, қоғамға қауіпті бес кеселдің алдын алу, деструктивті діни ағымдардың таралуының алдын алу, сондай-ақ күмәнді интернет сайттарының арандатуынан сақ болу жөнінде түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

Ерлан Калиев отбасы ішіндегі дұрыс тәрбие, ұлттық және рухани құндылықтарды дәріптеу, ұрыс-жанжалсыз ашық әрі сенімді қарым-қатынас орнатудың маңыздылығын атап өтті. Оның айтуынша, берік отбасы – қоғам тұрақтылығы мен қауіпсіздігінің негізгі тірегі. Кездесу барысында еңбек ұжымы тарапынан қойылған сұрақтарға жауап беріліп, пікір алмасу алаңы, қюар код арқылы сауалнама ұйымдастырылды.

Жанайым ЖАРЫЛҚАП.



ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

БЕЙНЕУДЕН ЖЕТКЕН СӘРУАР САЗ

Басы 1-бетте.

Бейнеу ауданының Жаңаөзен қаласындағы мәдени күндері аясында «Мұнайшы» мәдениет үйінде Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Бейнеу ауданының Құрметті азаматы, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, ақын Сәрсен Қадырдың шығармашылық кеші өтті.

Бұл тағылымды кездесу қала тұрғындары үшін үлкен рухани мерекеге айналды. Сәрсен Қадыр – туған жердің тарихы мен тағдырын, елдің рухы мен ұлттық болмысын жырларына арқау етіп келе жатқан көрнекті қаламгер. Оның шығармалары оқырман жүрегінен орын алып, жас ұрпақты елжандылыққа, адамгершілікке, туған жерді қадірлеуге тәрбиелеуде маңызды рөл атқарып келеді.

Шығармашылық кеш барысында ақынның

мен шығармашылығына арналған арнайы бейнероликпен жалғасты. Шараны Сұлтанбек Құдайберген жүргізді.

Іс-шара барысында ақынның сырлы да әсерлі жырлары оқылып, оның сөзіне жазылған әндер көрермен назарына ұсынылды. «Мұнайшы» мәдениет үйінің көркемөз үйірмесінің шәкірттері ақын өлеңдерінен үзінді оқыса, Ақылбек Жұмалиев «Бейнеуден қарап белеске» әнін орындады. Ақынның өлеңдерінен атап айтқанда Мақсат Жарылғасынов пен Маржан Қуанышбекова «Сен салған әннің әуені-ай» әнін орындап, Әнуарбек Бимағанбет кеш иесіне арнаған өлеңін оқыды. Сонымен қатар, Есенбай Құли «Осы жаз оралмайды» әнін шырқап, Бауыржан Жекенов «Мағауин. Күй» шығармасын оқыды. Айгүл Құбаш «Жас дәурен» әнін орындады.

Сәрсен Қадыр 1962 жылы Оңтүстік Қа-



«Отпан-тау» тарихи-мәдени ескерткішіне қатысты идеологиялық жұмыстарға атсалысты. Сонымен қатар аудан, облыс көлеміндегі көптеген тарихи-мәдени жобалардың жү-

жұмыстарының жетекшілігі.

Қазіргі таңда ақын аудандық «Абыл» мәдениет үйінде мәдени ұйымдастырушы қызметін атқарып келеді. Ақынның шығармашылық қоржынында: «Жалғыз шамның жарығы» (2010), «Қара шың қанат қакқанда» (2013) атты жыр жинақтары бар.

Еңбегі жоғары бағаланып, әр жылдары түрлі марапаттарға ие болды. Атап айтқанда: Бауыржан Момышұлы атындағы «Батыр шапағаты» медалі, «Бейнеу ауданының 45 жыл және 50 жыл» мерейтойлық төсбелгілері. «Бейнеу ауданының Құрметті азаматы» атағы. 2025 жылы Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі атанды.

Кештің қорытынды бөлімінде «Берекем Бейнеу» әні шырқалып, өнерпаздар көрерменге ерекше көңіл-күй сыйлады.

Кеш соңында Жаңаөзен қаласының әкімі Жансейіт Қайнарбаев пен Бейнеу ауданының әкімі Рахымжан Шалбаев «Тарбия» брендінің



өмір жолы мен шығармашылығы кеңінен таныстырылып, жыр шумақтары оқылды. Көрермендер ақын шығармаларынан рухани әсер алып, жылы лебіздерін білдірді. Осындай тағылымды кештің Жаңаөзен қаласында өтуі – қаланың мәдени-рухани өміріндегі маңызды оқиға болды.

Кеш драмалық-лирикалық «Өткінші жаңбыр» прологымен басталып, ақынның өмірі

зақстан облысы Гагарин ауданы Иіржар ауылында дүниеге келген. 1972 жылы ата-анасымен бірге Маңғыстау облысы Бейнеу ауданына қоныс аударып, 1979 жылы «Абай» атындағы орта мектепті тәмамдады. Әр жылдары түрлі салада еңбек етіп, қоғамдық жұмыстарға белсене араласты.

2004 жылы республикалық «Үш қиян» тәуелсіз газетіне жұмысқа шақырылып,



зеге асуына үлес қосты. Атап айтқанда: халық батыры Тұрманбет Төлекожаұлының кесенесі жұмыстары, Аралбай Оңғарбайұлы ескерткішінің эскиздік жобасы, «Саназар ата» ескерткішінің жоба авторлығы, Жаңаөзен қаласы Қызылсай ауылындағы «Сүгір жырау саябағы» жобасының авторлығы мен құрылыс

негізін қалаушы Тарбия Айдымбаева және ақынның туыстары сөз сөйлеп, естелік сыйлықтар табыстады. Тағылымды кеш көрерменге рухани әсер сыйлап, ақын шығармашылығына деген зор құрметтің айқын көрінісіне айналды.

РУХАНИЯТ

Ұлттық өнердің алтын арқауы – «АЛТЫБАҚАН» АНСАМБЛІ

БЕЙНЕУ АУДАНЫНДА МӘДЕНИЕТ ПЕН ӨНЕР САЛАСЫ ЖҮЙЕЛІ ДАМЫП КЕЛЕДІ. СОЛ БАҒЫТТАҒЫ ІРГЕЛІ ЖҰМЫСТАРДЫҢ БІРІ — ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ДӘРІПТЕП, ЖАС ҰРПАҚҚА РУХАНИ ТӘРБИЕ БЕРУГЕ ҮЛЕС ҚОСЫП ЖҮРГЕН «АЛТЫБАҚАН» ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ӘН-БИ АНСАМБЛІНІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ. АНСАМБЛІДІҢ ӨТКЕНІ МЕН БҮГІНІ, ЖЕТІСТІКТЕРІ МЕН АЛДАҒЫ ЖОСПАРЛАРЫ ТУРАЛЫ ТОЛЫҒЫРАҚ БІЛУ МАҚСАТЫНДА БЕЙНЕУ АУДАНЫНДАҒЫ МӘДЕНИЕТ, ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ БӨЛІМІНІҢ БАСШЫСЫ МАРЖАН АДАЙБАЙҚЫЗЫ САЙМАНОВАМЕН СҰҚБАТТАСҚАН ЕДІК.

– Маржан Адайбайқызы, Жаңаөзен қаласына қош келдіңіз! Алдымен өзіңізді таныстырып өтсеңіз?

– Рақмет. Мен, Маржан Адайбайқызы Сайманова Бейнеу аудандық мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы болып 2025 жылғы 29 қыркүйекте тағайындалдым. Жалпы мемлекеттік қызметте әр түрлі салада 17 жылдан аса уақыт қызмет етіп келемін.

– Бейнеу ауданының мәдениет бөлімінің жұмысы туралы айтсаңыз?

– Бейнеу аудандық мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімі – өңірдегі мәдениет пен өнердің дамуына серпін беріп отырған негізгі мекемелердің бірі. Аталған бөлім аудан көлеміндегі клубтар мен мәдениет үйлерінің, кітапханалардың және спорт мектептерінің жұмысын үйлестіріп, түрлі мәдени және спорттық шараларды ұйымдастыруда. Аталған мекемелерді күтіп ұстау мен материалдық техникалық базаларын жақсартуға, осы салаларға қатысты

Заннама талаптарында көрсетілген құзыреттіліктерді атқарады. Осы арқылы халықтың рухани өмірін байытуға, бұқаралық спортты дамытуға үлес қосып келеді.

– «Алтыбақан» ән-би ансамблінің тарихы, әргістері, қазіргі құрамы мен жетекшісі туралы кеңінен тоқталсақ?

– «Алтыбақан» ұлттық этнографиялық фольклорлы ән-би ансамблі 1978 жылы құрылған. Бұл ұжым қазақ халқының салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын, ұлттық ойындарын кеңінен насихаттау мақсатында дүниеге келген. Алғашында әдеби-музыкалық композиция ретінде небәрі 10 шақты өнерпазбен сахнаға шыққан ансамбльдің құрамына мәдениет қызметкерлері мен өнерге құштар ауыл жастары тартылды. Ұжымның негізін қалауға Есен Болысов Есен, Басшы Әзірханов, Ыбырай Юсупов және Қаржаубай Жылқыбаев сынды азаматтар үлкен үлес қосты.

Ансамбль аз уақыт ішінде үлкен шығармашылық табыстарға қол

жеткізді. 1987 жылы Мәскеуде өткен Қазақстан мәдени күндері мен Румыниядағы өнер күндеріне қатысып, халықаралық деңгейде өнер көрсетіп, қазақ мәдениетін шетелге танытты. Сонымен қатар Бүкілодақтық халық шығармашылығы фестивалдерінде жоғары бағаланып, көрермен ықыласына бөленді. Ансамбль сценарийлерінің авторы Қаржаубай Жылқыбаевтың еңбегі ерекше аталып, ол жоғары деңгейдегі марапаттарға ие болды.

Ұжымның алғашқы құрамында көптеген дарынды өнерпаздар болды. Олар ансамбльдің қалыптасуына зор үлес қосып, оның шығармашылық негізін қалады. 1996 жылы «Алтыбақан» ансамбліне «Халықтық өнер ұжымы» атағы берілсе, 2000 жылы Ақтау қаласында өткен «Әнге – қанат, әлемге – тыныштық» фестивалінде I орын иеленді. Сондай-ақ Қазақстан тәуелсіздігінің 10 жылдығы мен Бекет Атаның 250 жылдығына арналған мерекелік іс-шараларға белсенді қатысты.

Кейінгі жылдары да ансамбль түрлі жетістіктерге жетіп, 2003 жылы Маңғыстау облысының 30 жылдығы мен Ақтау қаласының 40 жылдығына арналған іс-шараларда жоғары нәтиже көрсетті. 2005–2006 жылдары бірқатар фестивальдердің лауреаты атанып, 2007 жылдан бастап ірі мәдени жобаларға қатысып келеді. Соның ішінде «Отпан тау» тарихи-мәдени кешінің ашылу салтанатындағы өнер көрсетуі ерекше атап өтуге тұрарлық.

Ансамбльдің шығармашылық дамуына Сара Көшерованың «Сезімдерді тербеткен – Алтыбақан» атты кітабы да өзіндік үлес қосты. Сонымен қатар түрлі сахналық қо-йылымдар көрерменге ұсынылып, ұлттық өнердің мазмұнын байыта түсті.



Қазіргі таңда ансамбль құрамында 40-ка жуық жас өнерпаз бар. Ұжым жыл сайын талантты жастармен толығып, өз әлеуетін арттырып келеді. Бүгінде «Алтыбақан» ансамблі ұлттық өнерді дәріптеп, дәстүр сабақтастығын жалғастырып келе жатқан беделді мәдени ұжымдардың бірі болып саналады.

– Ансамбльдің репертуары, алдағы жоспары қандай?

– Ансамбльдің репертуары ерекше бай әрі мазмұнды. Қойылымдарда қазақтың ұлттық ойындары – «Ақ сүйек», «Таяқ тастау», «Орамал алу», «Сақина жасыру», «Көз байламақ» сахналық көрініс ретінде ұсынылып, дәстүрдің терең мәні ашылады. Сонымен қатар «Бет ашу», «Қыз ұзату», «Тұсау кесер», «Бесікке салу», «Селт еткізер», «Ұйқы ашар», «Қыз айттыру», «Күйеудің ұрын келуі» сияқты салт-дәстүрлер көрерменге тәрбиелік әрі танымдық тұрғыда жеткізіледі. Ансамбль бағдарламасында рухани мазмұнда кеңінен қамтылған. Мақал-мәтелдер сайысы, жұмбақ айтысы, қыз бен жігіт айтысы секілді ұлттық сөз өнері домбыра мен баанның сүйемелдеуімен орындалып, көрерменнің қызығушылығын арттырады. Репертуарда халық әндері мен күйлері, ұлттық билер,

70–80 жылдардағы қазақ эстрадасы, терме, жыр және дәстүрлі әндермен қатар жергілікті ақын-сазгерлердің туындылары да бар. Жалпы, ансамбльдің репертуары – ұлттық мәдениеттің сан қырын қамтитын, мазмұны бай, тәрбиелік мәні жоғары шығармашылық қор болып табылады.

– Жаңаөзендегі мәдени күндерден алған әсеріңіз қандай?

– Жаңаөзен қаласында өткен мәдени күндер ансамбль үшін үлкен тәжірибе алаңы болды. Шара жоғары деңгейде ұйымдастырылып, көрермендердің ыстық ықыласы өнерпаздарға ерекше әсер қалдырды. Мұндай мәдени кездесулер шығармашылық ұжымдарға жана шабыт беріп, өнер көкжиегін кеңейте түсетіні анық.

– Сұқбатыңызға рақмет! Аудан мәдениеті мен ұлттық өнердің дамуына бағытталған жұмыстарыңызға табыс тілейміз. «Алтыбақан» ансамблінің шығармашылық жетістіктері артып, ел руханиятына қосар үлесі молая берсін!

Сұқбатты жүргізген: Гүлсім МҰРЫНОВА.

23 СӘУІР — ҰЛТТЫҚ КІТАП ЖӘНЕ КІТАПХАНАШЫЛАР КҮНІ

РУХАНИ БАЙЛЫҚ МЕРЕКЕСІ

БИЫЛДАН БАСТАП ҚАЗАҚСТАНДА 23 СӘУІР — ҰЛТТЫҚ КІТАП КҮНІМЕН ҚАТАР КІТАПХАНАШЫЛАРДЫҢ ДА КӘСІБИ МЕРЕКЕСІ БОЛЫП БЕЛГІЛЕНДІ. БҰЛ КҮН МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ БАСТАМАСЫМЕН БЕКІТІЛГЕН ҰЛТТЫҚ КІТАП КҮНІМЕН СӘЙКЕС КЕЛЕДІ. МЕРЕКЕЛЕРДІҢ ОСЫЛАЙША БІР КҮНГЕ ТОҒЫСУЫ ОНЫҢ МӘН-МАҢЫЗЫН АРТТЫРА ТҮСІП, КІТАПХАНАЛАРДЫҢ БІЛІМ ТАРАТУ МЕН МӘДЕНИ МҰРАНЫ САҚТАУДАҒЫ ОРНЫ ЕРЕКШЕ ЕКЕНІН АЙҚЫНДАЙДЫ. БҰЛ ЖАҢА МӘДЕНИ МЕРЕКЕ — КІТАП ОҚУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫН АРТТЫРЫП, ӘДЕБИЕТКЕ ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫ КӨЗДЕЙТІН МАҢЫЗДЫ БАСТАМА ДЕП ОЙЛАЙМЫН.



Ұлттық кітап күні жыл сайын еліміздегі барлық мәдени ошақтарда аталып өтеді. Жаңаөзен қаласы «Орталық

қалалық кітапхана» мемлекеттік мекемесі және оған қарасты бөлімшелер осы Ұлттық кітап күні мерекесі аясында ұйымдастырылған «Артық

білім кітапта...» атты 16-23 сәуір аралығында өткен апталықты қолдай отырып, көптеген игі іс-шаралар ұйымдастырып, оқырмандар мен қала тұрғындары назарына ұсынды. Атап өтер болсақ, орталық кітапханада «Ұлттық кітап күні – рухани байлықтың мерекесі» атты ашық есік күні, орталық балалар кітапханасында «Білімнің қайнар көзі – кітап» атты көрме-хобби, №1 кітапхана бөлімшесі Coworking орталығында «Ертегі әлемі – қызыққа толы» ертегі оқу шарасы, №2 Теңге ауылдық кітапханасында «Кітап – сарқылмас қазына» атты кітап көрмесі, №3 Қызылсай ауылдық «Кітап – даналық қазынасы» атты ақпарат күні, №4 кітапхана бөлімшесінде «Оқы, ойлан, озық бол!» атты әдеби ринг шарасы, №5 Кендірлі ауылдық кітапханасы «Кітап арқылы ашылған сырлы әлем» атты зияткерлік сайыс, №7 жасөспірімдер кітапханасы «Кітап-білім кілті, оқырман-болашақ иесі» атты ашық есік күні сияқты шаралар өтті. Шараға кітапханамыздың тұрақты оқырмандары, мектеп оқушылары қатысты. Бұл шаралардың барлығы да кітапхананың инстаграм және

фейсбук парақшаларына жарияланып, көпшілік назарына ұсынылды.

«Адамды адам еткен – кітап, адамзат еткен – кітапхана» деп Әбіш Кекілбайұлы айтқандай, кітапхана – өнер мен мәдениеттің, шығармашылық пен руханияттың қасиетті ордасы. Ғалымдардың, ойшылдар мен жазушылардың көл-көсір білімі, жанқиярлық жұмыстары кітаптарда сақталған. Ал бұл баға жетпес қазынаны сақтаушы – кітапханалар мен кітапханашылар. Қаламыздың кітапхана саласына еңбегі сіңген кітапханашы мамандығын адал атқарып келе жатқан қызметкерлерді кәсіби мерекелерімен құттықтаймын! Шабыттырыңыз шарықтап, мәдениетті және білімді қоғам қалыптастыру жолында елеулі қызметтеріңіз бен атқарып жүрген еңбектеріңіздің тек жемісін көріңіздер!

Мәлдір МҰРЗАГАЛIEBA,
Жаңаөзен қалалық «Орталық кітапхана» мемлекеттік мекемесінің әдіскері.

БІЛІМ ЖӘНЕ ТӘРБИЕ

«САНЖАР КЕРІМБАЙ»: Ұлттық тәрбие – ұлт болашағының негізі

13 СӘУІР КҮНІ ЖАҢАӨЗЕН ҚАЛАСЫНДА БЕЛГІЛІ ШЫҒЫСТАНУШЫ, АҒАРТУШЫ, ЖАЗУШЫ, «ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ» ЖОБАСЫНЫҢ АВТОРЫ САНЖАР КЕРІМБАЙДЫҢ ҚАТЫСУЫМЕН ТАҒЫЛЫМЫ ТЕРЕҢ МАЗМҰНДЫ КЕЗДЕСУ ӨТТІ. ТАҒЫЛЫМДЫ ШАРА ОБЛЫСТЫҚ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ШАҚЫРТУЫМЕН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛЫП, ОНЫҢ НЕГІЗГІ МАҚСАТЫ — ЖАС ҰРПАҚ АРАСЫНДА РУХАНИ-ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ НАСИХАТТАУ, ОТБАСЫ ТӘРБИЕСІНІҢ МАҢЫЗЫН АРТТЫРУ ЖӘНЕ КІТАП ОҚУҒА ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТЫ КҮШЕЙТУ БОЛДЫ.

Гүлсім МҰРЫНОВА

Кездесу «Мұнайшы» мәдениет үйінде өтті. Басқосуға қала әкімі Жансейіт Қайнарбаев, ұстаздар қауымы, студенттер, ата-аналар мен жастар қатысты. 400 орындық залда бос орын қалмай,

– Балаға ең керегі – тірі байланыс, шынайы эмоция, көзбе-көз қарым-қатынас. Қазақ «балапан ұяда не көрссе, ұшқанда соны іледі» дейді. Сондықтан баланың алғашқы көргені мен естігені оның болашағына тікелей әсер етеді, – дейді автор. Сонымен қатар ол баланың қа-

Кездесу барысында жазушы бүгінгі білім беру жүйесінде баланың рухани негізін қалыптастыруға ерекше көңіл бөлу керектігін айтты. Оның пікірінше, 10 жасқа дейін бала ұлттық дүниетанымымен сусындауы тиіс.

– Бала 10 жасқа дейін ұлттық рухани құндылықтары – бата, ән, мақал-мәтел, жыр-дастандарды тыңдап, бойына сіңіруі керек. Содан кейін ғана ағылшын тілі мен математиканы оқыту тиімді болады. Сонда ғана біз ұлтқа қызмет ететін үлкен тұлғаларды тәрбиелей аламыз, – деді шығыстанушы.

Автор осы бағыттағы тәрбиенің нәтижесінде ел ішінде Қаныш Сәтбаев сияқты ірі ғалымдар мен ұлттық деңгейдегі тұлғалар қалыптасатынын атап өтті.

Санжар Керімбай өз сөзінде балаларға ең алдымен әдебиет пен тарихты оқытудың маңыздылығына



Бұл пікір қатысушылар тарапынан үлкен қолдау тапты. Әсіресе ұстаздар мен ата-аналар бала тәрбиесіндегі басымдықтарды қайта қарау қажеттігін атап өтті. Кездесу барысында автор Жаңаөзен қаласының тұрғындарының оның еңбектерін оқуға ерекше қызығушылық танытып отырғанын атап өтті.

– Менің кітаптарымды сатып алу

тудырып отыр.

Кездесу соңында жазушының «Өзбекәлі және мәдени майдан», «Бейсен және болмыс», «Қаныш және ғылыми майдан», «Адам бол», сондай-ақ жаңа «Бейсенбай және әдеби майдан» кітаптары ұсынылған арнайы кітап көрмесі ұйымдастырылды. Қала тұрғындары автордың еңбектерін белсенді түрде сатып алып, жеке



жағынан Жаңаөзен қаласы алдыңғы орындардың бірінде тұр. Бұл – қала тұрғындарының рухани дүниеге деген қызығушылығының жоғары екенін көрсетеді, – дейді жазушы.

Бұл пікір кездесуге қатысқан көпшілік үшін ерекше қуанышты жаңалық болды. Санжар Керімбай кездесу барысында өзінің соңғы жарық көрген «Бейсенбай және әдеби майдан» атты жаңа кітабы туралы да айтып өтті. Автордың бұл еңбегінің тұсаукесері Ақтау қаласында өткенін жеткізді.

Жаңа кітап ұлттық ойлау жүйесі, әдеби сана және тұлғалық қалыптасу мәселелерін терең талдауға бағытталған мазмұнды еңбек ретінде оқырман тарапынан қызығушылық

қолтаңба алу мүмкіндігіне ие болды.

Автограф-сессия барысында оқырмандар жазушымен естелік суретке түсіп, өздерін толғандырған сұрақтарын қойып, еркін пікір алмасты. Бұл сәт әсіресе жастар үшін ерекше әсерлі болды.

Жаңаөзен қаласында өткен бұл кездесу жас ұрпақ тәрбиесі, ұлттық сана, отбасы құндылықтары мен кітап оқудың маңызы туралы кеңінен ой қозғаған мазмұнды рухани алаңға айналды. Осындай кездесулер қоғамда ұлттық құндылықтарды дәріптеуге, жастардың дүние танымын кеңейтуге және саналы ұрпақ тәрбиелеуге үлкен үлес қосатыны сөзсіз.



қала тұрғындарының кездесуге ерекше ықыласпен келгені байқалды.

Кездесу барысында Санжар Керімбай бүгінгі қоғамдағы бала тәрбиесінің өзекті мәселелеріне тоқталып, ең алдымен баланың рухани іргетасын дұрыс қалыптастыру қажет екенін атап өтті.

былдау ерекшеліктеріне тоқталып, дұрыс сөздің тәрбиелегі маңызын ерекше атап өтті.

– Сол құлақ арқылы қабылдан-ған жақсы сөз баланың миында жақсы сақталады. Сондықтан бала санасына ізгі ойды, дұрыс сөзді көбірек құю керек, – дейді ол.

тоқталды.

– Біз көбіне баланы ерте жастан ағылшын тілі мен математикаға бағыттаймыз. Бірақ тұлғаның негізі әдебиет пен тарих арқылы қалыптасады. Кітап оқыған бала ойлайды, талдайды, жауапкершілік сезімі қалыптасады, – дейді ол.

ЕЛ БОЛАШАҒЫНЫҢ КЕШІЛІ

ҒЫЛЫМ КЕЗ КЕЛГЕН ЕЛДІҢ КЕЛЕШЕГІНІҢ КІЛТІ САНАЛАДЫ. «ҒЫЛЫМЫ ЖОҚ ЕЛДІҢ БОЛАШАҒЫ БҰЛЫҒЫР» ДЕГЕН ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ҚАНАТТЫ СӨЗІ БІРНеше ғасыр бұрын айтылса да, өзектілігін жойған жоқ. 12 СӘУІР — ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҒЫЛЫМ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КҮНІ. КҮНТІЗБЕДЕГІ БҰЛ ДАТА КЕЗДЕЙСОҚ ТАҢДАЛМАҒАН. 12 СӘУІР — ҚАНЫШ СӘТБАЕВТЫҢ, Яғни ҚАЗАҚСТАН ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ, КӨРНЕКТІ ҒАЛЫМ-ГЕОЛОГТЫҢ ТУҒАН КҮНІ. АТАУЛЫ КҮНГЕ ОРАЙ, ОРАЙ БІЗ ЖАҢАӨЗЕНДЕГІ ҒАЛЫМДАРДЫҢ БІРІ — ЖАҢАӨЗЕН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖӘНЕ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАР КОЛЛЕДЖІНІҢ БАСШЫСЫ, ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ КАНДИДАТЫ САЙЛАУХАН ЖҮКЕНОВАМЕН СҰҚБАТТАСҚАН ЕДІК.

– Сайлаухан Сатыбалдықызы алдымен еңбек жолыңыз туралы айтып өтсеңіз?

– Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, химия факультетін 1992 жылы бітіргеннен кейін жолдамамен ПО «Мангышлакнефть» УУБР мекемесіне инженер-химик болып жұмысқа орналастым. Ол кездері бұрғылау жұмыстарының тоқтап қалған кездері болатын. 1993 жылы Жаңаөзен мұнай техникумына оқытушы болып қабылдандым. Осы оқу орнында 2020 жылдың қыркүйек айына дейін жұмыс жасадым. 2007 жылы Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетін инженер біліктілігі бойынша бітірдім.

2020 жылдың қыркүйек айынан Жаңаөзен қызмет көрсету және жаңа технологиялар колледжінде басшылық қызметтемін.

– Ғылым саласына келуіңізге не себеп болды?

– Жаңаөзен мұнай және газ колледжі базасында ҚР Білім және ғылым министрлігінің 14.04.2000 жылғы №334 бұйрығы негізінде мұнай-химия өндірісі технологиясының мамандықтары бойынша Республикалық оқу-әдістемелік бірлестік құрылып, 2007 жылғы 13 сәуірден бастап ҚР Білім және ғылым министрлігінің №191 бұйрығы негізінде «Мұнай-газ ісі мамандықтары бойынша Республикалық оқу-әдістемелік бірлестік» жұмыс жасады.

Колледжде республикалық оқу-әдістемелік бірлестік болуына байланысты шығармашылық топ мүшелерінің ұйымдастыруымен орта кәсіптік оқу орындарына арналған 15 жалпыға міндетті мемлекеттік білім беру стандарттарын және 11 оқулық, 31 оқу-әдістемелік кешендер жазып, 2 электрондық оқулықтар жасакталды. 5 арнайы пән оқытушыларының оқулықтары сынақтан жақсы өтіп, «Фолиант» баспасынан шықты.

Кәсіптік және техникалық білім беруді дамыту, білім беруді дүниежүзілік стандарттарға сәйкестендіру өте маңызды мәселе, өйткені, ішкі еңбек нарығы жаңа ақпараттық технологиялармен қаруланған кәсіптік және техникалық білімі бар өз кадрларымызбен қамтамасыз ету заман талабы. Бұл талаптарды жүзеге асырудың, яғни дуальдық жүйемен оқытуды іске асыру үшін күздіретке негізделген модульдік оқыту бағдарламасын дайындау өзектілігі жоғары. Дәстүрлі оқытудың мазмұны мен әдістемесінде білім алушы пән бойынша оқу материалдарының теориялық мазмұнын игереді, ал тәжірибеде қолдануы шектеулі болғаны белгілі. Осы мәселені шешудің бір жолы ретінде елімізде дуальдық оқыту жүйесі деп танылды. Ал дуальдық жүйемен оқытуды іске асыру үшін күздіретке негізделген модульдік оқу бағдарламасын дайындау қажет. Өндірістің нақты мамандарға мұқтаждығы, олардың қасиеттеріне қойылатын талаптарды анықтап отыру, құзыреттілікке бағытталған модульді бағдарламаларын жасау үшін үздіксіз еңбек нарығы сұранысын талдауға бағытталған зерттеу жұмыстары орындалуы керек. Модульдік оқу бағдарламасын дайындау үшін болашақ даярланатын маманның өндірістегі еңбек мазмұнына, функциясына жан-жақты, терең талдаулар жүргізіп зерттеуі керек. Міне осы жағдайлар 0819000 – «Мұнай және газды қайта өңдеу технологиясы» мамандығы бойынша «Техникалық және кәсіптік білім беруде аналитикалық химияны арнайы пәндермен байланыстыра оқыту әдістемесі» тақырыбында кандидаттық диссертация жұмысымды Қазақ Ұлттық педагогика университетінде педагогика ғылымының докторы, профессор Жеңіс Әкімжанұлы Шоқыбаевтың жетекшілігімен бастауға себеп болды. Бұл диссертациялық жұмыс Қазақ Ұлттық педагогика университетінің диссертациялық кеңесінде қорғалып, ҚР БҰҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің 14.06.2011 ж №5 хаттама шешімімен педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми атағын алдым.

– Қазіргі таңда қандай ғылыми бағытта жұмыс істеп жүрсіз?

– Қазіргі таңда жұмысым колледж қызметімен тікелей байланысты. Колледждің 2021-2026 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспарына сәйкес колледж миссиясы: Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің заманауи талаптарына сәйкес колледж қызметінің басым бағыттарын дамыту, кәсіби қызметке көшбасшы болуға, бәсекеге қабілетті, білікті мамандарды даярлау. Колледждің стратегиялық даму жоспарына сәйкес оқу процесін МЖМББС сәйкес жүргізіп келеді.

ТЖКБ ұйымдарын бейіндеу кезінде қайталанатын мамандықтарды қысқарту және еңбек нарығында сұранысқа ие жаңа мамандықтарды ашу арқылы ТЖКБ-ны еңбек нарығының сұраныстарына қайта бағыттаумен



байланысты колледж құрылыс бағытында мамандар даярлайтын оқу орны болып бейінделген. Осыған байланысты бұрын колледжде оқытылған мұнай мамандықтарының лицензиясын қайтарып, оның орнына құрылыс саласына мамандар даярлау үшін «Архитектура», «Құрылыстағы сметалық жұмыс», «Дизайн, азаматтық ғимараттарды жобалау, қалпына келтіру, қайта құру» мамандықтарына лицензия алынды.

Кадрларды даярлау сапасына тиісті материалдық-техникалық базаның болуы әсер етеді. 2021 жылы «Жас маман» жобасы шеңберінде колледж құрылыс саласы бойынша заманауи жабдықтармен жабдықталды. Колледжде 9 шеберхана толықтай жабдықталып іске қосылды. 2022 жылдан бастап ТЖКБ ұйымдарында академиялық дербестік енгізілді, ол Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптары, кәсіби стандарттар, WorldSkills кәсіби стандарттары және өңірлік ерекшеліктер негізінде жұмыс берушілердің қатысуымен білім беру бағдарламаларын дербес әзірлеуге мүмкіндік береді. Бұл бағдарламалар екі сатылы сараптамадан өтеді. Колледжде барлық мамандықтар бойынша білім беру бағдарламалары дайындалып, Талап реестріне тіркелген. Сонымен қатар білім беру деңгейлері арасындағы үздіксіздік пен сабақтастықты қалыптастыру мақсатында колледж оқытудың кредиттік-модульдік технологиясына көшті.

Өңірлік еңбек нарығы мен білім беру жүйесі арасындағы байланыс түлектердің оқу бітіргеннен кейін бір жыл ішінде жұмысқа орналасуы арқылы бақыланады. Колледж түлектерін жұмысқа орналастыру 2025 жылы 85%-ды құрады.

Колледж бен кәсіпорындардың өнімді өзара іс-қимыл нәтижелерінің бірі дуальды оқытуды ұйымдастыру болып табылады және

ол Қазақ-стан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 50 бұйрығымен бекітілген Дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидаларына сәйкес жүргізіледі.

Дуальды оқыту бойынша колледжде 224 студент білім алууда. Токарлық іс, Дәнекерлеу ісі, Дизайн мамандықтары бойынша SAAT Group, «Өзенжылу», Сан-Билдинг, TES Service Company «Өзенқұрылыссервис» ЖШС мекемелерімен үш жақты келісім шарт жасакталған. Бұл келісім шарттар «Атамекен» кәсіпкерлік палатасының реестріне де енгізілген.

Жұмыс беруші компаниялармен мықты іскерлік қарым-қатынас қалыптастыру үшін және жұмысқа орналастыру жөніндегі жүйелі жұмысты құру мақсатында, ынтымақтастық географиясын кеңейту жоспарлануда, яғни жұмыс берушілер тек Жаңаөзен қаласын ғана емес Қазақстанның басқа өңірлерін қамтиды.

Колледжде «Кнауф Гипс Қапшағай» ЖШС өзара ынтымақтастық туралы келісім жасалған. Жобаның мақсаты – құрғақ құрылыс әдісі бойынша мамандар даярлау (КНАУФ технологиясы). Оқу практикасы шеңберінде студенттер «Құрғақ құрылыс», «Құрғақ қоспалар», «Еден төсеніштері» және «Құрделі пішіндердің беттері» бағдарламалары бойынша білім алады.

WorldSkills чемпионаттарына қатысушылардың «Құрғақ құрылыс және сылақ жұмыстары» құзыреттілігі бойынша WorldSkills халықаралық стандарттарының талаптары негізінде дайындық алаңына айналды, сонымен қатар оқытушылардың, шеберлердің біліктілігін арттыру курстары



жатыр.

Педагогика ғылымының дамуы үздіксіз жүріп жатыр, ол қоғамның дамуымен бірге өзгеріп, даму үстінде. Өйткені білім саласын дамыту үшін білікті оқытушылар, қазіргі заманғы оқу құралдары, әр түрлі платформалар, білім беріп қана қоймай тұлға қалыптастыруға басты назар аудару, яғни тәрбие беру саласына көңілді бөлу, ата-аналармен бірлесе отырып жұмыс атқару керек.

– Алдағы ғылыми жоспарларыңыз қандай?

– Алдағы жоспарларым колледж қызметімен тікелей байланысты.

Колледжде шешімін табу керек бірнеше проблемалар бар.

«Токарлық іс» және «Дәнекерлеу ісі» мамандықтары бойынша Жаңаөзен қаласы бойынша тек осы колледжде ғана мамандар даярланады. Колледжде осы мамандықтар бойынша шеберханаларды қайта жабдықтау, МТБ жетілдіру бағытында жұмыстар жүргізіліп жатыр. Осы мамандықтар бойынша білім сапасын арттыру үшін, өндірістік тәжірибелерді сапалы өткізу мақсатында Жаңаөзен қаласы бойынша ірі кәсіпорын болып есептелетін «Өзенмұнайгаз» АҚ шефтік басқаруға беру туралы мәселе өзекті болып отыр. Сондықтан «ӨМГ» АҚ және оған кіретін мекемелермен өздеріне қажетті мамандықтар бойынша кешенді жоспар жасактап, келісім шартқа отырғымыз келеді.

Колледждердің басқа қаладан келген студенттерін жатақханалардағы орындармен қамтамасыз ету проблемасы өзекті болып қала беруде. Колледжде басқа елді мекендерден келген 33 студент оқиды, оның ішінде жатақханаға сұраныс 12 студент берді. Қаладағы 5 колледж студенттеріне арнап жатақхана берілсе, сырттан келген студенттердің проблемасы шешілер еді.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы қабылдаған Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияға сәйкес қатысушы мемлекеттер ЕБҚ адамдардың кәсіптік білім алуына, ересектердің білім алуына және өмір бойы білім алуына қолжетімділіктерін қамтамасыз етуге міндетті. Колледжде 2024-2025 оқу жылында әлеуметтік осал отбасылардан шыққан 228 студент білім алууда, мүгедектігі бар студенттер саны – 7, инклюзивті бағдарлама бойынша – 1, жетім – 2 студент болды.

Негізгі мәселе: ЕБҚ білім алушыларды колледжде қабылдау мәселесі өзекті болып қала береді, оның себептерінің бірі – ұйымның өзі мен педагогтердің инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істеуге дайын еместігі, сондай-ақ кадрлық құрамның жеткіліксіздігі.

Бұл мәселенің шешу жолы: колледжде инклюзивті білім беру кабинетін ашу, сабақ беретін мамандарды инклюзивті білім беру бағытында қайта даярлау. Осы бағытта қазіргі таңда Жаңаөзен қаласы әкімдігімен бірлесіп «Қадам» жобасын бастағалы отырмыз.

Колледжде 2025 жылдың маусым айынан бастап jksint_qoldau_bot студенттерге психологиялық көмек беру, қолдау мақсатында телеграмм чат боты іске қосылды. Бұл чат бот анонимді түрде 24/7 жұмыс жасайды. Колледждің кез келген студенті туындаған қиын жағдайларды осы чатта колледж психологына айта алады. Чатты тек қана колледж психологы көріп, жауап бере алады. Осы жобаны жалғастыру мақсатында Astana It hub Маңғыстау облысындағы Маңғыстау It hub басшысы Мажтай Айгеріммен жұмыс жүргізілуде. Сонымен қатар осы мекемемен мектеп оқушыларына кәсіптік бағдар беру қосымшасын жасактау жұмыстары да жүргізілуде.

Сұқбат бергеніңізге рақмет! Ғылыми жолдағы жұмысыңызға сәттілік тілеймін!

Сұқбатты жүргізген: Гүлсім МҰРЫНОВА

КӘСІПТІК БАҒДАР

КОЛЛЕДЖДЕ
WORKSHOP ӨТТІ

ЖАҢАӨЗЕН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖӘНЕ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАР КОЛЛЕДЖІНДЕ ЖАСТАРДЫҢ БОЛАШАҚ МАМАНДЫҒЫН САНАЛЫ ТАҢДАУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ОБЛЫСТЫҚ КӘСІБИ БАҒДАР БЕРУ ФОРУМЫ ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙДЕ ӨТТІ.



Форумға қала мектептерінің 9-сынып оқушылары, мектеп директорлары, мекеме басшылары және облыстық техникалық білім беру орталығының мамандары қатысып, кәсіби бағыт-бағдар беретін мазмұнды алаң қалыптасты.

Іс-шара барысында: еңбек нарығындағы сұранысқа ие мамандықтар таныстырылды; техникалық және кәсіптік білім берудің мүмкіндіктері кеңінен насихатталды; оқушыларға болашақ мамандықты дұрыс

таңдаудың маңызы түсіндірілді; ашық диалог алаңы ұйымдастырылып, қатысушылар өзара тәжірибе алмасты.

Форумның басты мақсаты – жас буынға дұрыс бағыт беріп, олардың кәсіби қызығушылығын арттыру және болашаққа сенімді қадам жасауына ықпал ету.

«Дұрыс таңдалған мамандық – жарқын болашақтың кепілі!»

Шам ШЫРАҚ.

ӘДІСТЕМЕ

АШЫҚ САБАҚТЫҢ
ҮЙРЕТЕРІ КӨП

«ЖАҢА ТОЛҚЫН» ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕП-ЛИЦЕЙІНІҢ 1 «Ә» СЫНЫП МҰҒАЛІМІ АСЕЛІ ИШНИЯЗОВА «ЗАТТЫҢ ҚИМЫЛЫН БІЛДІРЕТІН СӨЗДЕР» ТАҚЫРЫБЫНДА АШЫҚ САБАҚ ӨТКІЗДІ.



Сабақ барысында оқушылар етістік туралы түсінік алып, оның «Не істеді?», «Не істеп жатыр?», «Не істейді?» деген сұрақтарға жауап беретінін меңгерді.

Мұғалім сабақта түрлі әдіс-тәсілдерді

сөздерді дұрыс ажырата білді.

Сабақ жоғары деңгейде ұйымдастырылып, өз мақсатына жетті. Оқушылар жаңа білімді игеріп қана қоймай, оны тәжірибеде қолдана алды. Осындай мазмұнды сабақтар оқушылардың қазақ тіліне деген



тиімді қолдана отырып, оқушылардың қызығушылығын арттырды. Ойын элементтері мен көрнекі тапсырмалар арқылы оқушылар белсенділік танытып, қимылды білдіретін

қызығушылығын арттырып, білім сапасын көтерері сөзсіз.

Шам ШЫРАҚ.

ҚОҒАМ

АЛИМЕНТ ТӨЛЕУ ҚАРЫЗ
ЕМЕС – ПАРЫЗ!

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫНДА БЕКІТІЛГЕН — «БАЛАЛАРЫНА ҚАМҚОРЛЫҚ ЖАСАУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУ АТА-АНАЛАР МІНДЕТТІ».

Қазақстан Республикасының неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодексінде көрсетілген яғни ата-аналар өздерінің кәмелетке толмаған балаларын күтіп-бағуға міндетті.

Борышкерлер кәмелетке толмаған балаларына алимент төлеуден бас тартқан жағдайда қатал шаралар қабылданады, мәжбүрлеп орындап, атқарушылық құжаттың талаптарына сәйкес алимент өндіріп алу туралы.

Конституцияға сәйкес соттардың шешімдері, үкімдері мен өзге қаулылары барлық мемлекеттік органдармен, жеке және заңды тұлғалармен міндетті түрде орындалуы тиіс. Осы орайда, борышкер азаматтар Ата заңымызбен белгіленген құқықтарын ғана пайдаланып қоймай, өз міндеттерін де ұмытпаса дейміз.

ҚР «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі» туралы Заңының 32 бабына сәйкес сот орындаушысымен шаралар қабылданады атқарушылық өндірісті қамтамасыз ету жолымен мүлікке тыйым салу, оның ішінде ақша мен бағалы қағаздар, өзіндегі не өзге де жеке немесе заңды тұлғалардағы (оның ішінде банктердегі және жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда банк операцияларын, сондай-ақ сақтандыру ұйымдарындағы); алу жылжымалы және жылжымайтын мүлік, борышкердің қолында бар немесе өзге де жеке немесе заңды тұлғалардың; тыйым салу борышкердің белгілі бір әрекеттер жасауына және т. б.

Кәмелетке толмаған балаларды асырап-бағуға ай сайын алимент ұсталатын жалақының және (немесе) өзге де кіріс түрлерінің бекітілген тізбесі бар, онда кәмелетке толмаған балаларды асырауға алименттерді ұстау жалақының барлық түрлерінен (ақшалай сыйақы, асырау) және ата-анасы алатын өзге де табыс



түрлерінен жүргізілетіні көрсетілген.

Кәмелетке толмаған бір балаға ата-анасының айлық жалақысының не өзге де табыстарының 25 пайызы бір балаға, екі балаға – 33, үш және одан да көп бала үшін – 50 пайыз мөлшерінде төленеді. Кей жағдайларда көрсетілген үлестер мөлшері борышкердің отбасылық жағдайын, яғни басқа балалары болғанда не басқа да бір жағдайларды ескерумен азайтылуы мүмкін. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес, борышкердің жалақысының немесе өзге де табысының 50% кем емесі сақталуы тиіс.

Борышкер сот шешіміне сай ай сайын баласын асырап бағу үшін алимент төлемеген жағдайда Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы Заңының 669 бабымен және Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 139 бабымен қылмыстық жауапкершілік көзделген.

К.ХУДАЙБЕРГЕНОВА,

Жаңаөзен ауданаралық мәжбүрлеп орындату бөлімі басшысының міндетін атқарушы.

ДЕНСАУЛЫҚ

ИНФЕКЦИЯҒА ҚАРСЫ
ҚОРҒАНЫС

2026 ЖЫЛҒЫ 19–25 СӘУІР АРАЛЫҒЫНДА ҚАЗАҚСТАНДА «ВАКЦИНАЛАР ӘР ҰРПАҚ ҮШІН ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ» ҰРАНЫМЕН ИММУНДАУДЫҢ ЕУРОПАЛЫҚ АПТАЛЫҒЫ — 2026 ӨТУДЕ.

Жыл сайын сәуір айының соңғы аптасында өткізілетін Дүниежүзілік және Еуропалық иммундау апталығы барлық жастағы адамдарды жұқпалы аурулардан қорғауда вакцинацияның аса маңызды рөлі туралы хабардарлықты арттыруға бағытталған.

2026 жылы науқанның тақырыбы – «Вакциналар әр ұрпақ үшін жұмыс істейді» – вакцинацияның ондаған жылдар бойы адамдарды, отбасыларды және қауымдастықтарды қорғаудың қауіпсіз әрі тиімді тәсілі болып қала беретінін, сондай-ақ жалпы әл-ауқат пен тұрақты болашаққа үлес қосатынын атап көрсетеді.

Науқан сондай-ақ вакцинацияға деген сенімді нығайтуға және сұрақтары немесе күмәндері бар адамдармен ашық әрі құрметті диалог жүргізуде медицина қызметкерлерін қолдауға бағытталған.

Екпенің қоғам үшін маңызы: «Профилактикалық екпелер елімізде Ұлттық екпе күнтізбесіне сәйкес жүргізіледі. Ол

21 инфекцияға қарсы қорғанысты қамтиды. Вакцинадан бас тарту көбіне әлеуметтік желілердегі жалған ақпараттарға байланысты. Тұрғындарды тек ресми дереккөздерге сүйенуге шақырамын. Иммундау апталығы аясында халықтың ақпараттылығын арттыру, ата-аналармен түсіндіру жұмыстарын жүргізу және білім беру ұйымдарында насихат күшейтілмек.

Екпе тек жеке адамның емес, тұтас қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз ететін маңызды құрал.

Вакцинацияны кеңінен қолдану нәрсете өлім-жітімінің айтарлықтай төмендеуіне – шамамен 40%-ға – ықпал етті және ауыр асқынулар мен мүгедектіктің миллиондаған жағдайларының алдын алуға көмектесті.

Құрметті қала тұрғындары! Уақытында екпе алып, өзіңізді және жақындарыңызды қорғаңыз.

Сымбат ЖЕКСЕНБАЙ,

Жаңаөзен қалалық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы.

САҚТЫҚ

БАЛАМ, ОТПЕН ОЙНАМА!

БАЛАЛАРДЫҢ ОТПЕН ОЙНАУЫ — ӨТЕ ҚАУІПТІ ӘРЕКЕТ. КӨП ЖАҒДАЙДА ӨРТТІҢ ШЫҒУЫНА ДӘЛ ОСЫ СЕБЕП БОЛАДЫ.

Балалар оттың қауіпті екенін толық түсінбегендіктен, сіріңке, шакпақ немесе тұрмыстық газ құралдарын ойын ретінде қолдануы мүмкін. Мұндай жағдайлар ауыр жаракатқа, тіпті адам өміріне қауіп төндіреді.

Ата-аналар балаларға өрт қауіпсіздігі ережелерін ерте жастан түсіндіріп, отқа жақындамау керектігін үнемі ескертіп отыруы

тиіс. Сондай-ақ сіріңке мен тұтаққыштарды балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау маңызды.

Қауіпсіздік – әр отбасының басты міндеті. Баланы бақылаусыз қалдырмай, дұрыс тәрбие беру арқылы өрттің алдын алуға болады.

Бекзат КИЛЖАНОВ,
қалалық Төтенше жағдайлар бөлімінің бас маманы.

(в соответствии п.п.24 с пунктом 2 статьи 26 Закона РК от 27.12.2018 года № 204-VI «О естественных монополиях» проведения ежегодного отчета о деятельности субъекта естественной монополии по предоставлению регулируемых услуг (товаров, работ) перед потребителями и иными заинтересованными лицами»).

Информация по отчету ГКП «ӨзенЖылу» по регулируемой услуге за 2025 года

№	Информация	Обоснование
1	<p>Исполнение инвестиционной программы (ИП) за 2025г. утвержденной ведомством уполномоченного органа.</p> <p>Приказом Департамента Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики РК по Мангистауской области от 15.11.2024 г. № 88-ОД утверждена инвестиционная программа сроком на пять лет на общую сумму 125,10 млн тенге. Программа разработана с целью повышения надежности и качества предоставляемых услуг по теплоснабжению и горячему водоснабжению в объемах, соответствующих заключенным договорам, а также снижения затрат на производство, передачу и распределение тепловой энергии и горячей воды для конечных потребителей.</p> <p>Фактическое исполнение инвестиционной программы ГКП на ПХВ «Өзен жылу» по услугам производства, передачи, распределения и (или) снабжения тепловой энергией за 2025 год характеризуется следующими результатами. По итогам проведенного анализа установлено, что в 2025 году предприятием в полном объеме выполнено 14 запланированных мероприятий. Общий объем инвестиций, направленных на реализацию утвержденной инвестиционной программы, составил 21 900,0 тыс. тенге без учета НДС. При этом сумма, утвержденная уполномоченным органом на 2025 год, составляла 17 600,0 тыс. тенге.</p> <p>Несмотря на превышение фактического объема финансирования, в рамках утвержденных мероприятий достигнута экономия средств в размере 4 300,0 тыс. тенге. В относительном выражении уровень исполнения инвестиционной программы составил 80,36% от утвержденного объема. Основной причиной сложившейся экономии является снижение стоимости работ и услуг по результатам проведения электронных государственных закупок, что позволило оптимизировать расходы без ущерба для качества и сроков выполнения мероприятий.</p> <p>В целом реализация инвестиционной программы в 2025 году оказала положительное влияние на повышение эффективности работы предприятия, улучшение технического состояния объектов теплоснабжения, а также на повышение надежности и качества предоставляемых услуг населению.</p>	<p>Информация субъекта естественной монополии об исполнении инвестиционной программы (проекта) за 2025 года согласно Приказу Министра национальной экономики Республики Казахстан от 19 ноября 2019 года № 90</p>
2	<p>Основные финансово-экономические показатели деятельности за 2025 года.</p> <p>В соответствии финансовой отчетностью за 2025 года показатели составили:</p> <ul style="list-style-type: none"> – Доход от регулируемой услуги – 3 223 998 тыс.тенге; – Затраты по регулируемой услуге – 4 375 855 тыс.тенге; <p>При этом результат от основной деятельности убыток в сумме составила – 1 151 857 тыс.тенге.</p>	<p>Финансовые отчетности по форме согласно приказу Министра финансов РК от 28 июня 2017 года № 404 Бухгалтерский баланс (форма 1)</p> <p>Отчет о прибылях и убытках (форма 2)</p>
3	<p>Объемы предоставленных регулируемых услуг за 2025 года.</p> <p>За 2025 года объем теплоэнергии, поступившей в ГКП «ӨзенЖылу», составил 341,16 тыс.Гкал, по сравнению с 2024 годом увеличена на 6,0%</p> <p>Горячая вода за 2025 года составил 115,31 тыс.куб.метр, по сравнению с 2024 годом уменьшено на – 19,0%. Так как, у потребителей многоэтажных жилых домов уменьшается объем горячей воды в связи с использованием специальных водонагревателей (Аристон).</p> <p>ГКП «ӨзенЖылу» за отчетный период заключило всего 14 911 договоров с потребителями за регулируемые услуги.</p>	<p>Акты-сверки объемов предоставленных услуг со всеми потребителями за 2025 года</p>

4	<p>Проводимая работа с потребителями регулируемых услуг</p> <p>ГКП «ӨзенЖылу» ежегодно проводит разъяснительные работы с потребителями регулируемых услуг и разрабатываются и внедряются в работу мероприятия по улучшению качества обслуживания населения. С начала года от населения поступило 35 жалоб. Из них 15 были отправлены жителями, которые не могли получать тепловую энергию летом из-за выхода из строя теплотехнических сетей и выхода из строя труб. Дебиторская задолженность по состоянию на 31.12.2025 г. составила 546 614,00 тыс.тенге.</p> <p>Работа по снижению дебиторской задолженности всегда была и остается основным направлением работы ГКП «ӨзенЖылу». В связи с чем, нами проводятся мероприятия по предупреждению потребителей об имеющейся задолженности, а также приостановление исполнения Договора путем прекращения (ограничения) подачи любого из видов энергии.</p>	<p>Переписка с потребителями услуг</p>
5	<p>Постатейное исполнение утвержденной тарифной сметы</p> <p>В соответствии с действующим законодательством субъекты естественной монополии представляют свои отчеты об исполнении тарифной сметы за 2025 год к 1 мая следующего года.</p> <p>Утвержденный тарифный сметы на 2025 года:</p> <ul style="list-style-type: none"> – производству тепловой энергии для населения – 5 274,65 тенге без НДС; – для бюджетных организации – 13 769,20 тенге без НДС; – для сторонним и прочим потребителям – 7 057,94 тенге без НДС. <p>Причины отклонения статьи затрат тарифной сметы:</p> <p>По исполнению тарифных смет (производства, передача, распределение и (или) снабжение тепловой энергии) с 01.01.2025 год по 31.12.2025 года установлено следующие:</p> <p>По разделу «Затраты на производство товаров и предоставление услуг» допущен перерасход по статьям:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. «Сырье и материалы» – при утвержденной в тарифной смете 342 536,98 тыс.тенге, фактически 573 089,94 тыс.тенге, приобретены необходимые материалы на производственные нужды, для обеспечения потребителей качественной услугой. 2. «Холодная вода» – при утвержденной в тарифной смете 119 800,73 тыс.тенге, фактически составил 120 718,26 тыс.тенге, или выполнен на 100,77%; <p>Предприятие постоянно ведет работу по снижению потерь горячей воды, что повлияло на снижение поступления воды.</p> <ol style="list-style-type: none"> 3. «ГСМ» – при утвержденной в тарифной смете 36 000,00 тыс.тенге, фактические затраты составил 51 175,59 тыс.тенге (142,15%); 4. «Природный газ» – при запланированной в тарифной смете 593 695,14 тыс.тенге, фактические затраты составили 508 825,95 тыс.тенге. (85,70%); 5. «Энергия» – при утвержденной в тарифной смете 100 562,53 тыс.тенге, фактически получена на 75 302,15 тыс.тенге. Выполнен на 74,88%. <p>Согласно закону «О естественных монополиях» (далее Закон) в случае утверждения предельного уровня тарифа ГКП «ӨзенЖылу» обязано предоставлять для всех потребителей регулируемые услуги по единым уровням тарифов, не превышающим предельный уровень тарифа.</p> <p>В соответствии с пунктом 21 статьи 15 Закона РК от 27.12.2018 года № 204-VI «О естественных монополиях», в рамках тарифной кампании в 2025 году ГКП «ӨзенЖылу» до 1 ноября текущего календарного года, вправе направить в ведомство уполномоченного органа предложение о корректировке тарифной сметы и (или) предельного уровня тарифа без повышения предельного уровня тарифа.</p>	<p>Тарифная смета за 2025 года</p>
6	<p>Перспективы деятельности (планы развития), в том числе возможных изменений тарифов на регулируемые услуги</p> <p>В связи с внесением изменений в Закон РК «О естественных монополиях» касательно применения предельного уровня тарифов ГКП «ӨзенЖылу» обязан перейти на долгосрочный период тарифообразования.</p> <p>В результате предприятию от 28.11.2014 г. был утвержден предельный уровень тарифов и тарифной сметы на долгосрочный период с 01.01.2025 г. по 31.12.2029 г. на услугу по производству, передаче, распределению и снабжения тепловой энергии. В рамках пятилетнего периода на инвестиционную программу ГКП «ӨзенЖылу» планирует направить около 125,10 млн тенге.</p> <p>В 2026 году предприятие планирует освоить инвестиционную программу в сумме 24 500,00 тыс.тенге.</p> <p>Все работы ГКП «Өзен жылу» направлены на улучшение состояния энергетического комплекса в городе, снижение потерь, эффективную, качественную и бесперебойную поставку тепловой энергии в отопительный период и горячей воды — круглый год.</p>	<p>Приказ РГУ Департамента Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики РК по Мангистауской области от 28 ноября 2024 года №109-ОД «Об утверждении предельного уровня тарифа и тарифной сметы ГКП «ӨзенЖылу» на рпо производству, передаче, распределению и снабжения тепловой энергии на 2025-2029 годы.</p>

ГКП «ӨзенЖылу»
Финансово-экономического и тарифообразования отдела
 Тел.: +7(72934) 74-964 e-mail: info@ozenzhyly.kz веб-сайт: ozenzhylu.kz

ҚР көлік министрлігі азаматтық авиация комитетінің «Қазаронавигация» шаруашылық жүргізу құқығындағы Республикалық мемлекеттік кәсіпорны» «Қоршаған ортаны қорғау бөлімі» «Маңғыстау облысының «Кендірлі» курорттық аймағындағы ұшу-қону жолағы бар әуежай», оның ішінде РЕШН, РЕШТ, ҚББ, ӨЭББ, ҚОҚЖ жобалары бойынша ашық жиналыстар түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Қоғамдық тыңдау 2026 жылы 29 мамыр сағат 15.30-де, мекен-жайы: Маңғыстау облысы, Жанаөзен қаласы, Кендірлі ауылы, мәдениет үйі, мәжіліс залында өтеді.

Қоғамдық тыңдауға қатысушылардың шешімі бойынша ашық жиналыс өткізу мерзімі қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзартылуы мүмкін.

Әсер ету аймағы: Маңғыстау облысы, Жанаөзен қ., әсер ету аймағының координаттары: бұрыш-: 42° 56' 50,387" С; 52° 32' 11,707" В 4756111.23 м С; 625352.558 м В;

Тыңдауларға қатысу үшін мына сілтеме бойынша өту қажет: <https://us04web.zoom.us/j/9063978907?pwd=a1RVRlIUUVZERTBXY0NjZTFUG4yQT09&omn=75598754210>

Конференция идентификаторы: 906 397 8907. Қатынас коды: 11111.

Бастамашы: ҚР Көлік министрлігі Азаматтық авиация комитетінің «Қазаронавигация» ШЖҚ РМҚ, БСН: 130940015918, мекенжайы: Астана қаласы, Есіл ауданы, Е-522 көшесі, 15 ғимарат. Тел. 8 (7172) 773404.

Құжаттаманы әзірлеуші – «EcoDelo» ЖК. Мекенжайы: 010000, Астана қ.,Б.Майлин көшесі, 19, 502 кабинет. Байланыс деректері: тел: +77712764966, эл. мекенжай: m.abilgazina@ecodelo.kz.

Қосымша ақпарат алу үшін мекенжай мен байланыс нөмірі: Астана қ., Алматы ауданы, Майлина көш., 19. 502 каб. Тел. +7 777 100 1345

Жобаға қатысты құжаттама <https://ndbecology.gov.kz/> порталында және жергілікті атқарушы органның <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/about?lang=ru> сайтында «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде орналастырылған.

Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдайды: ndbecology.gov.kz және мына мекен-жайлар бойынша: Ақтау қ., 14 ш/а, 1 ғимарат Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасына: mangystautabigat@gmail.com, <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco?lang=ru>.

Жергілікті атқарушы орган – Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, «Жобаларды экологиялық сараптау» бөлімінің бас маманы – Сабина Базарбай, тел. 8/7292/ 46-21-31 (1210) s.bazarbay@mangystau.gov.kz.

Жанаөзен қалалық «Ауған соғысы ардагерлері» қоғамдық бірлестігі, «Таулы Қарабах» және «Тәжік-Ауған ардагерлерінің бірлестігі» Жанаөзен қаласының дамуына қоғамдық өміріне атсалысқан, 2022-25 жылдар қалалық Қоғамдық кеңестің төрағасы қызметін атқарған және жас ұрпақты Отанды сүйеге баулуға, патриоттық тәлім-тәрбие бағытындағы іс-шараларға аянбай қызмет еткен Жанаөзен қалалық «Ауған соғысы ардагерлері» ҚБ төрағасы, ақжүрек азамат, қарулас қимас дос

АМАНҚОС ЕДІЛҰЛЫ ЭДИЛОВТЫҢ
 өмірден озуына орай жанұясына, тума-туыстарына қайғыра көңіл айтады.

РГП на ПХВ «КазАэроНавигация» Комитета гражданских Авиации Министерства транспорта Республики Казахстан», объявляет о проведении общественных слушаний посредством открытых собраний по проекту: «Раздел охраны окружающей среды «Аэропорт со взлетно-посадочной полосой в курортной зоне «Кендерли» Мангистауской области» в том числе проекты НДВ, НДС, ПУО, ПЭК, ППМ.

Общественные слушания состоятся 29 мая 2026 года в 15.30 по адресу: Мангистауская область, г. Жанаөзен, село Кендерли, дом культуры, актовый зал.

Срок проведения открытого собрания продлевается до пяти последовательных рабочих дней по решению участников общественных слушаний.

Территория воздействия: Мангистауская область. Координаты территории воздействия: 42° 56' 50,387" С; 52°32'11,707" В 4756111.23 м С; 625352.558 м В;

Подключиться к конференции Zoom: <https://us04web.zoom.us/j/9063978907?pwd=a1RVRlIUUVZERTBXY0NjZTFUG4yQT09&omn=75598754210>

Идентификатор конференции: 906 397 8907. Код доступа: 11111

Инициатор: РГП на ПХВ ведения «Казаронавигация» Комитета гражданских авиации Министерства транспорта РК», БИН: 130940015918, адрес: г. Астана, район Есиль, ул.Е-522, здание 15. Тел. 8 (7172) 773404.

Составитель проекта: ИП «EcoDelo». Адрес: 010000, г. Астана, ул. Б. Майлина 19, 5 этаж, 502 каб. Контактные данные: тел: +77712764966, эл. адрес: m.abilgazina@ecodelo.kz.

Дополнительную информацию по материалам проекта можно получить по адресу и номеру: г. Астана, район Алматы, ул. Майлина, д.19. 502 каб. Тел. +7 777 100 1345.

Местный исполнительный орган – Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Мангистауской области: г. Ақтау, 14 мкр., 1 здание, Отдел «Экологическая экспертиза проектов» – главный специалист Базарбай Сабина, 8 (7292) 46–21–31 (1210) s.bazarbay@mangystau.gov.kz

Замечания и предложения принимает: ndbecology.gov.kz и по адресам: г. Ақтау, 14 мкр., 1 здание в Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Мангистауской области: mangystautabigat@gmail.com, <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/about?lang=ru>

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАБЫЛСЫН

«Самғау PLUS» ЖШС ның мөрі жоғалуына байланысты, мекеме мөрі жарамсыз деп табылсын.

Жанаөзен қалалық «Ауған соғысы ардагерлері» қоғамдық бірлестігі, «Таулы Қарабах» және «Тәжік-Ауған ардагерлерінің бірлестігі» Жанаөзен қалалық «Ауған соғысы ардагерлері» ҚБ мүшесі, қимас дос

ЖАЛҒАСОВ БАЗАРБАЙ ЖАЛҒАСҰЛЫНЫҢ
 қайтыс болуына орай жанұясына, тума-туыстарына қайғыра көңіл айтады.

I ПРЕМЬЕРА

БІЗ ТУРАЛЫ...

КОЗЫ-
КӨРПЕШ — БАЯН СҮЛҮ
КҮНІНЕ ОРАЙ «МҰНАЙШЫ» МӘДЕНИЕТ
ҮЙІНІҢ ЖАНЫНАН ҚҰРЫЛҒАН «КЕІПРКЕР» СТУ-
ДИЯСЫ ЕРЕКШЕ ӘСЕРЛІ ҚОЙЫЛЫМ ҰСЫНДЫ. 15
СӘУІР КҮНІ ОРХАН ПАМУКТЫҢ «СЕЗІМ МУЗЕЙІ»
ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ НЕГІЗІНДЕ ЖАЗЫЛҒАН «БІЗ
ТУРАЛЫ» ҚОЙЫЛЫМЫНЫҢ АЛҒАШҚЫ
КӨРСЕТІЛІМІ БОЛДЫ.

Мадина ӨТЕЖАНОВА

Қойылымда Кемаль, Пүсін, Сибелдің махаббат хикаясы баяндалады. Шарасыз махаббат оқиғасы сағыныш, реніш, ынтызарлық сезімдерін тоғыстыра отырып, басты кейіпкердің ішкі жан дүниесіне үңілуге мүмкіндік береді. Махаббатта үшеу болмайды демекші, өмір жолы бақытсыз махаббатпен байланысқан үш адамның қабылдаған шешімдерін көруге болады. «Біз туралы» қойылымы әр кейіпкердің сотынан басталды. Әрқайсысы өз әрекеті үшін өздігінше ақталып әлек. Атастырылған қызы бола тұра басқаға ғашық болған Кемаль Пүсінді аңсап, оның жүрген көшесімен жүріп, оның барған жерлеріне барады. Атастырылған жігіттің басқаға ғашық болғанына шындай алмаған Сибел той болмастан Кемальді тастап кетеді. Қойылым соңында Пүсін көз жұмады. Пүсіннен де Сибелден де айырылған Кемаль ішімдікке салынып, қайғыға батады. Режиссер әрбір деталдар арқылы нәзік сезімге бой алдырған кейіпкерлердің ішкі жан-дүниесін ашуға тырысты. Кейіпкерлер арасындағы үнсіз диалогтар қойылымның әсерін арттыра түскендей. Театрсүйер қауым

қойылымды тамашалай отырып, түрлі эмоциялар сезінді.

«Біз туралы» қойылымының режиссері жаңаөзендік Жоламан Жанабаев. Ол қазіргі таңда Алматы қаласындағы «Алатау» дәстүрлі өнер театрында актер болып қызмет етеді. Одан бөлек «Тармақтар» поэзия театрында режиссер ассистент болып жұмыс істейді. Жоламан «Мұнайшы» мәдениет үйі ұжымының ұсынысымен махаббаттың символы болған Қозы-Көрпеш – Баян сұлу күніне орай «Біз туралы» қойылымын жарыққа шығарды. Қойылым 3 күн жазылып, 15 күнде көрерменге жол тартқан. Бұған дейін Жоламан Жанабаев Қызылсай ауылындағы Ұ.Қазжанұлы атындағы мәдениет үйінде қызмет еткен болатын. Сол кезде де бірнеше қойылым сахналанған еді. Бұл режиссердің ауқымды түрде қойған екінші жұмысы десек те болады.

– Мен түрік мәдениетін, Ыстамбұлды өте қатты жақсы көремін. 11 сынып бітіргеннен кейін костюм дизайнері мамандығына грантқа оқуға түскенімде әкем жібермей қойған еді. Балкім кішкентай көрді ме?! Содан Алматыға Т.Жүргенов

атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясына театр әртісі мамандығына түскеннен кейін, өзім қаражат жинап Ыстамбұлға баруды мақсат еттім. Қатты қалағаным соншалық 2 жылдың ішінде 15 рет барыптын. Осы соңғы барғанымда, қасындағы жолдастарым Сезім музейіне баруды ұсынды. Шынайы сезімін музей қылып ашқаны маған ұмытылмас әсер сыйлады. Одан кейін Орхан Памуктың «Сезім музейі» кітабын өне оқимын, міне оқимын деп уақыт таппай жүрген едім. «Мұнайшы» мәдениет үйінен ұсыныс түскен кезде бірден ойыма осы шығарма келді, сондай-ақ «Velki» музыкасы өте қатты шабыт бергені бар. Бүгінгі «Біз туралы» қойылымын



Орхан Памуктың «Сезім музейі» шығармасы негізінде ғана жаздым. Ал қалған сөздері 100 пайыз өзімнің шығармашылығым. 600 беттік кітапты 3 күнде оқып, 3 күнде сценарий жаздым. 15 күнде жарық көрді, – дейді Жоламан Жанабаев.

«Біз туралы» қойылымының



жарық көруіне 20-ға жуық адам атсалысқан. Сибелдің рөлін «Мұнайшы» мәдениет үйінің халықтық шығармашылық бөлімінің меңгерушісі Асия Төлепберген, Кемаль рөлін мәдениет үйінің практиканты Берік Бақтыбайұлы, ал Пүсін рөлін Ақтау қаласынан арнайы келген актриса Құралай Айдарова сомдады. Ал әнмен сүйемелдеген бүлбүл дауысты әншілер Динара Мамаева мен Әйгерім Ержанова. Қойылымның көркемдік жетекшісі Инабат Талғатқызы, режиссердің ассистенті Әсел Амангелді. Сонымен қатар спектакльдің декораторы Салхат Қарасаев. Жарық қоюшы Акберген Түркіев, дыбыс операторы Нұрлан Гайсин.

Актерлік шеберлік те ерекше атап өтуге тұрарлық. Әрбір актер өз кейіпкерінің ішкі жан-дүниесіндегі сезімдерін толық жеткізіп, көрерменге сезіндіре білді.

Пүсін рөлін сомдаған Құралай Айдарова бірқатар отандық фильмдерге және түрік сериалдарға түсіп жүрген актриса. Оның кәсіби мамандығы заңгер болса да, актрисалықты қатар алып жүрген көрінеді.

– Қойылымның режиссері Жоламан Жанабаев менің досым. Осы тұндыра Пүсіннің рөлін ойнауға ұсыныс айтқан кезде, бас тарта алмадым. Бұрын соңғы кино, сериалдарға түсіп жүргеніммен,

театрда алғаш өнер көрсетуім. Бұл мен үшін жаңа тәжірибе болды. Көрермен алдында тікелей өнер көрсету мен үшін қызық еді. Қобылжығанымды жасырмаймын. Алайда, қойылым көптің көңілінен шықты деген ойдамын. Бұған дәлел, қалың көрерменнің қойылым соңында соққан шапағаты мен ыстық ықыласы, – дейді Құралай Айдарова.

Қойылымның басты кейіпкері Кемаль рөлін сомдаған Берік Бақтыбайұлы Ақтөбе қаласы Қ.Жұбанов университетінің 4 курс студенті. Практика барысында «Мұнайшы» мәдениет үйінің бірнеше қойылымында кішігірім рөлдерде ойнап көрген. Бірінші рет «Біз туралы» спектаклінде басты рөлді сомдады. Бұл Берік үшін үлкен тәжірибе болған.

– Менің кейіпкерім Кемаль ғашық адам болатын. Ғашықтық сезімін сомдау қиын болған жоқ. Себебі өмірде ғашық болып көрдім. Әйтсе де Кемальдің махаббат хикаясы мұңды. Сағыныш пен құсалық сезімі Кемальді іштей жейді. Осы сезімдерді жеткізу үшін көп дайындалдым. Осы тұста маған демеу беріп, кеңес берген актерлік құрамға алғыс білдіремін. Бұл менің актерлік жолымдағы үлкен тәжірибем деп айта аламын. Оқуға барғанымда осы рөлдімі көрсете аламын, – дейді Берік Бақтыбайұлы.

I ӨРЕН

АБЫЛХАЙЫРДЫҢ ЖЕТІСТІК ЖОЛЫ

ҚАЗІРГІ ТАҢДА БІЛІМ МЕН ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚАТАР МЕНГЕРГЕН ЖАС ҰРПАҚ — ЕЛІМІЗДІҢ БОЛАШАҒЫ. ОСЫНДАЙ ТАЛАПҚА САЙ, АЛҒА ҰМТЫЛҒАН ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІРІ — АБЫЛХАЙЫР МУХАММЕДОВ СҮЙІНДІКҮЛЫ.

Абылхайыр 2009 жылғы 13 қа-
занда Маңғыс-
таныта білді. 2017 жылы
№16 мектепке ауысып,
оқуын жалғастырды.



тау облысы, Жаңаөзен қаласында дүниеге келген. Ол білім жолын 2016 жылы Жаңаөзен қаласындағы мектеп-гимназияда бастап, алғашқы сыныптан-ақ білімге деген құштарлығын

Жас талаптың білімге деген қызығушылығы оны жаңа белестерге жетеледі. 2020 жылы Абылхайыр Ақтау қаласындағы №4 ІТ мектебіне конкурстық негізде қабылданып,

ақпараттық технологиялар саласына тереңірек ден қоя бастады. Бұл кезең оның болашақ бағытын айқындауда маңызды рөл атқарды.

2024 жылы ол Ақтау қаласындағы «Ais» ағылшын мектебіне ауысып, қазіргі уақытта 10-сыныпта білім алып жатыр. Осы мектепте оқи жүріп, Абылхайыр өз қабілетін түрлі байқауларда дәлелдей білді. Атап айтқанда, облыстық ІТ жарысына қатысып, жүлделі ІІ орынға ие болды. Бұл жетістігі үшін оған 150 000 теңге көлемінде қаржылай сыйлық табысталды.

Абылхайыр тек біліммен шектелмей, спорт саласына да белсенді қатысады. Ол хоккей спортымен айналысып, салауатты өмір салтын ұстанады. Бұл оның жан-жақты дамыған тұлға екенін көрсетеді.

Осындай талапты да талантты жас – еліміздің ертеңгі үміті. Абылхайыр Мухаммедовтың алдағы уақытта бұдан да биік белестерді бағындыратынына сенім мол.

Мадина АЛТЫНГҮЛ.

I БАЙҚАУ

ӨНЕРЛІ БАЛАҚАН



Қаламыздағы «Мұнайшы» мәдениет үйі тағы бір жарқын өнер мерекесінің куәсі болды. Балалармен жұмыс жасау бөлімінің ұйымдастыруымен балабақшалар арасында «Өнерлі балақан-2026» атты ән-би байқауы жоғары деңгейде өтті. Аталған шараға қала көлеміндегі балабақша тәрбиеленушілері қатысып, өзара бақ сынасты. Олар сахна төрінде ән айтып, би билеп, көрермендерге ерекше әсер сыйлады. Әрбір қатысушының өнерге деген талпынысы мен сахнадағы сенімділігі олардың шығармашылық әлеуетінің жоғары екенін көрсетті.

Байқаудың мақсаты – бүлдіршіндердің бойындағы шығармашылық қабілеттерін дамыту, өнерге деген қызығушылығын арттыру және жас таланттарды қолдау. Осы тұрғыда ұйымдастырушылар тарапынан барлық жағдай жасалып, әділқазылар алқасы қатысушылардың өнерін әділ бағалады.

Ән жанры бойынша Бас жүлде – Айкөркем Тоғай, «Диана» балабақшасы, І орын – Дильназ Шанды, «Ер төстік» балабақшасы, ІІ орын – Аяла Досанқызы, «Омар» балабақшасы, ІІ орын – Муслима Кенбай, «Ертегі» балабақшасы, ІІІ орын – Айлин Амангелді, «Нұршұақ» балабақшасы, ІІІ орын – Анель Исатай, «Арай» балабақшасы, ІІ

орын – Данияр Довлет, «Назерке» балабақшасы иеленді.

Би жанры бойынша Бас жүлде – «Балдырған» би тобы, «Балдырған» балабақшасы, І орын – «Айзере» би тобы, «Айзере» балабақшасы, ІІ орын – «Балауса» би тобы, «Омар» балабақшасы, ІІІ орын – «Еркемай» би тобы, Назерке балабақшасы, ІІІ орын – «Мереке» би тобы, Мереке балабақшасы, ІІІ орын – «Ер төстік еркелері» би тобы, Ертістік балабақшасы, ІІІ орын – «Болашақ» би тобы, Нони балабақшасы иеленді.

Шара барысында балғындардың шынайы өнері мен таза көңілі көрермендердің ыстық ықыласына бөленді. Әрбір өнер көрсетілімінен кейін зал қошеметке толып, кішкентай жұлдыздарға деген қолдау ерекше сезілді.

«Өнерлі балақан» байқауы жоғары деңгейде ұйымдастырылып, өз мақсатына толық жетті деуге болады. Мұндай игі шаралар өскелең ұрпақтың жан-жақты дамуына жол ашып, олардың болашақта үлкен сахналарды бағындыруына берік негіз қалайды.

Айгүл НЕТБАЕВА,
«Өнер» МКҚК балалармен жұмыс жасау бөлімінің әдіскері.

Меншік иесі:
MANGYSTAY MEDIA ЖШС

Директор:
Ануарбек БИМАҒАМБЕТ.

Қабылдау бөлімі тел/факс:
20-48-34.
office@manngystay.kz

ЖАҢАӨЗЕН

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат Министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде 6 ақпан 2013 жылы тіркеліп, №13359-Г куәлігі берілген.

Редактор: Гүлназ БӨЛЕКБАЕВА.
Кезекші редактор: Гүлсім ЕРБӨЛЕКОВА.

Аға дизайнер: Гүлсім ЕРБӨЛЕКОВА.
Тілшілер: Жансая КЕЛДІБАЙҚЫЗЫ.
Мадина ӨТЕЖАНОВА.
Дизайнер: Шолпан БАТЫРХАНОВА.

А - жариялау ақысы төленген.

Таралымы: 3606 дана.



Газет редакцияда теріліп, беттелді.
«Neon City» ЖШС
баспаханасында басылды
130000, Ақтау қаласы,
22 ш/а, 38/3 ғимарат.
тел: +7 (777) 0122238
Тапсырыс нөмірі: 20.

Газет аптасына 1 рет
жұма күні шығады.

- Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып есептелмейді.
- Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
- Жарнама, хабарландырулар мазмұнына редакция жауап бермейді.
- Редакцияға жолданған материалдарға рецензия жасалмайды және қолжазба авторға қайтарылмайды.
- Тақырыптық суреттер ғаламтордан алынады.